**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2022 жылғы 16-қарашадағы №17/25/16-11-22/П шарттың үлгі нысанына**
**№3 Қосымша келісім**

**Алматы қаласы** №17/32/06-10-23/П «06» 10 2023 жыл

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ,** Алматы қаласы Әділет Департаментінің Бостандық аудандық әділет басқармасы берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 22.08.2013 ж. №15242-1910-АО анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын, Басқарма Төрағасы Жанат Бостанович Курманов арқылы, бір тараптан және

**Инвестициялық портфельді басқарушы ««Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы,** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған 04.11.2016 ж. №3.2.229/7 лицензия, БСН 041140004401(бұдан әрі – БСН), бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы Фархад Рашидович Охонов арқылы екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» аталады, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған 16.11.2022 ж. №17/25/16-11-22/п кастодиандық шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №3 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шарттың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын инвестициялық декларацияны Басқарушы әзірлейді және оны Басқарушының басқару органы бекітеді.

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар Басқарушының Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6-қыркүйектегі №22/23-3 шешімімен бекітілді.».

2. Қосымша келісіммен қозғалмаған Шарттың барлық қалған талаптары өзгеріссіз қалады және Тараптар ол бойынша өзінің міндеттемелерін растайды.

3. Осы Қосымша келісім оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 6-қыркүйектен бастап басталған қарым-қатынастарға қолданылады.

4. Осы Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды. Қосымша келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні Қосымша келісімнің орыс тіліндегі мәтініне сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі Қосымша келісімді басшылыққа алады.

**5. Тараптардың деректемелері және қолдары**

| | |
|---|---|
| Қор<br><br>**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ**<br>Алматы қаласы, Самал-2 ықш., 97-үй, 13-тұрғын емес үй-жай, Samal Towers БО<br>БСН 971240002115<br>БСК HSBKKZKX<br>ЖСК KZ776010131000118840<br>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br>БЕК 15<br>телефон: +7 (727) 331-66-99<br><br>**Басқарма Төрағасы**<br>_______________ **Курманов Ж.Б.**<br>(қолы)<br>М.О. | Басқарушы<br><br>**«Halyk Finance» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» АҚ**<br>Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109 В, 5-қабат<br>БСН 041140004401<br>ЖСК KZ896010131000168967<br>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br>БСК HSBKKZKX<br>БЕК 15<br>телефон: +7 (727) 339-43-77<br><br>**Басқарма Төрағасы**<br>_______________ **Охонов Ф.Р.**<br>(қолы)<br>М.О. |